

ӘОЖ 398.215

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚОЛӨНЕР АТАУЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-
СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сәтбаева Нұрай Сәтбайқызы

nur-ai98@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Г. Бегимова

Салт-дәстүр – халық қазынасы. Қазақтың ғасырлар бойы ұстанған әдет-ғұрпы, ұлы дала бойының бой тұмары, тал бесіктен жер бесікке дейінгі дәстүрі көз алдымызда. Сахарада сан жылдардың сүзгісінен өткен салт-санамыз бен дала дәстүріміз оны айшықтап тұратын бай қолөнеріміз бар. Қолөнердің қалыптасып дамуы, ұзақ тарихи барысты басынан кешірді. Табиғат, қоршаған ортаның әсері, өмір, тұрмыс-салттың өзгеруі, жаңа мәдениеттердің өзара тоғысуы қолөнердің жетілуіне, түрленуіне тікелей ықпал етті. Байтақ даланы мекендеген байырғы бабалардан, мирас болған құндылықтарымыз өмірдің өңіршең екенін көрсетті. Әсіресе, зергерлік сақ ғұн, үйсін, түркілік кезеңдердің өзінде жоғарғы деңгейге көтерілген. Сол арқылы, әлемдік өркениеттің қалыптасуына, дамуына түрткі болды. Бүгінге жеткен байырғы өнер, жаңа бағытқа бет алды. Қазақ зергерлері алтын, күмістен әшекей бұйымдардың сан алуан сәнді түрін жасады. Әсіресе, әйел затының сұлулығын, ажарын ашатын сырға, жүзік, білезік, шашбау, алқа, белбеулер көздің жауын алады. Ер-тұрманды алтынмен аптап, күміспен жарқыратып ерекше сәндеген. Ондай бұйымдарды пайдалану, байлықтың ғана нышаны емес, ұлттық қолөнердің бағасын асырып, мүмкіндігін паш етудің жолы болды. Бұл үрдіс қазіргі таңда толық сақталмаса да көненің көзі ретінде, кейбір отбасылардың төрінен табылады. Қазыналы қазақ мәдениетінде өзіндік ерекшелікке ие өнер түрі – текемет пен сырмақ. Әжелеріміз дәстүрлі әдіспен жүнді сабап, иін қандырып басып, түр салып өрнек бастырып, темекет жасап, сырмақ сырған. Оған қажырлы еңбек,

ерік-жігер, шыдамдылық керек. Сондай-ақ шынайы шеберлік те өңделген өнердің мықты әрі көркем болуының кепілі. Текемет басып, сырмақ сыру – ұжымдық жұмыс. Кезінде ауыл әйелдері асырлатып, көктемнен бастап ала жаздай еңбек думанын қыздыратын. Күзгі күзеңнен қырылған жүндіде дер кезінде өңдеп отырған. Тіпті, осы салада өнер қоздыру мақсатында жарыстар орын алған. Сол арқылы жаңа идея, жаңа мазмұн туып, тың туындылар өмірге келіп өнер мұхитын дамытқан. Еңбектен ерінбейтін әжелеріміз жүнді қолмен түтіп, сабаумен сабап, ұршықпен иіріп, тоқыма бұйымдарын киім және басқа да көптеген тұтыну заттарын жасаған. Ондай бұйымдар әрі жылы, әрі таза, әрі денсаулыққа кері әсерін тигізбейтін жақсы қасиеттерге ие. Халқымыздың әлемдік өркениетке қосқан сүбелі үлестерінің бірі – киіз үй мәдениеті. Оның ғылымилығы өз алдына, өнер түрлерінің басын қосқан киелі қазақ үйі - ұлы дала өркениетінің мұражайы. Ондағы әр бұйымның өзіндік атауы бар. Жасалуындағы шеберлігі мен тәселдері өзгеше. Оның жұмысына ағаш шеберлері, тоқымашылар бастаған бірнеше өнердің иелері ат салысады. Бір өзі қанша өнерлерді меңгерген шеберлерде баршылық. Дәстүрдің барлық болмысын көрсететін үйге табиғи өнімдердің көптеген түрі қолданылады. Сүйегі ағаштан жасалса, үзік, туырлық, түндіктері киізден жасалады. Кереге сыртын қоршай, ши тартылады. Ал оның ажарын ашатын баубасқұр, желбаулары тоқымашылардың шеберлігін әйгілейді. Өткен ғасырларда әр ауылда өрістеген тоқыма өнері қазірге кезде сирек қолданылады. Бүгінгі күнде, байтақ қазақ даласының бар өңірінде қазақ үйі тігіліп қолданылмасада, жекелеген азаматтар ата-мұраны ардақтауды ұмытқан жоқ. Бұл бір жағынан ұлттық мәдениетке деген құрмет болса, екінші жағынан этнотуризмнің дамуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, жаңа ғасыр ұрпақтарын ұлттық құндылықтарды тануға, ұлттық тарихын тегін, озық мәдениет жетістігі мен өркениет жетістіктерін терең білуге бағыттайды. Сондықтан ондай бағалы бұйымдардың өзгелерде ғана емес, күнделікті өмірде қолжетімді жағдайда болғаны абзал. Табиғатпен тең өсіп, табиғи өнімді кәдеге жаратқан бабаларымыз, ағаштан алуан-түрлі ыдыс-аяқтар шелек, саба, асадал, кебеже, сандықтар жасап қолданған. Тұрмыстық бұйымдардың түрі мол болып ғана қоймай, жасалуына мән беріліп, көркемдік бейнесіне көп көңіл бөлінген. Әсіресе, ормандық өңірде үйге қажетті өнімдердің көбін ағаштан жасап, пайдаланатындар баршылық. Осы заманғы шеберлері де байырғы жолды ұстанып, елге қажет бұйымдар ұсынады. Күздік теріден қыстық киімдердің барлық түрін тігіп алуға болады. Әсіресе, соғым терісінің қыртысы қалың, өте мықты болады. Ал жүні қырқылған, тақыр теріден дорба, тұлып, шалбар сияқты заттар тігіледі. Әдісін білгендер теріні оданда басқа қажетті бұйымдар жасауға пайдаланған. Бар нәрсені байыппен істейтін бабаларымыз, бас киім тігетін терінің сең-сең, елтірі деген түрлерін пайдаланған. Ешкінің терісінен мез тіксе, көн теріден етік тігіп киген. Ал тері өңдеу шеберлерінің қолынан шыққан айыл-тұрман, ноқта, жүген қамшы сән салтанаты өз алдына бөлек әңгіме. Өткенге көз жүгіртсек, өнеріміздің өрісі әлдеқайда кең болғанын анық байқалады. Өйткені, күнделікті өнердегі тұрмыстық тұтыну заттарынан тартып, баспанамызға дейінгі барлық мезгілге арналған киімдерімізден бастап, ат-әбзелдеріне дейінгі көптеген бұйымдарды қолдан жасап пайдаландық. Жай ғана қолданыс үшін емес, әсем де, әшекейлі болуына көркем де, көрікті болуына барынша назар аударып, әр өнімді өнер туындысы ретінде қарап, тартымды етіп жасадық. Осындай ұстаныммен жасалған қолөнер әлі күнге шейін өміршеңдігін жоғалтқан емес. Заман көшіне ілесіп жаңғырып, жандану үстінде. Өмірлік қажеттілікке айналып, өнердің түрі ретінде алға басып келе жатқан қазақ қолөнерінің болашағы – зор. Оны ата жолы ретінде ұстанатындар, заман талабына сай дамытатындар ұлттық мұра есебінде ұлықтайтындар көбейе түседі.

Қазақ халқының қолөнері көшпенді халықтың қолданысына ыңғайлы сәнді бұйымдар жасайтын өндіріс. Табиғи шикізаттарды пайдалана отырып, қолөнершілер әртүрлі бұйымдар жасайды. Олар ат әбзелдері, құрал-саймандар, тұрмысқа керекті заттар, музыкалық аспаптар, қару-жарақтар. Бұл бұйымдарға қарап халықтың тұрмыс тіршілігін, салт дәстүрінің көрінісін байқауға болады.

Қазақтың салт-дәстүрінің сан алуан түрі бар. Баланың туылғанынан бастап үйленгенге шейін аралықтың өзінде бірнеше салт орын алады. Атап айтқанда, қолөнер шаруашылығы

қазақтың бесікке салу салтынан көрініс табады. Бесік – қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, баланың кеудесі мен аяғын қаттырақ байлап жатқызатын, дәретін жайдырмау үшін арнайы орнатылған түбегі мен шүмегі бар нәресте бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесік сәбиді желдің өтінен, жердің сызынан, салқынның қаһарынан, аптаптың жалынынан қорғаушы киелі ұя деп бекер айтпаған. Ол қасиетті, сәбидің алтын ұясы болатын, құтты мүлік болып саналады. «Өз елің – алтын бесік» деген сөздің өзі бесіктің құдіреттілігін көрсетеді. Осылайша баланы бесікке салу елеулі дәстүрдің қатарына енген. Бесікке салу әдетте ауылдың өнегелі, ақ жаулықты, елдің тәрбиелі әйелдеріне тапсырылады. Алдымен бесікті отпен аластап, «тыштырма» жасаған соң нәрестені бесікке бөлейді. Содан соң бесіктің үсітне жеті түрлі қадірлі, таза зат қояды. Бесікке салған кісіге де «бесікке салар» кәде сыйлығын тапсырады. Бұл жерде бесіктің пайдасы мен артықшылығын айта кеткен жөн деп есептейміз. Бесіктің бала денсаулығына, тазалығына пайдасы өте зор. Біріншіден, нәрестенің бойы, қол-аяғы түзеу, ширақ болады. Сондай-ақ бесік баланы құлаған заттан, ыстық пен суықтан қорғайды. Бәлә-жәледен сақтасын деп бесікке тұмар, үкінің қанатын іліп қоятын болған. Бесік негеізінде ағаштан, талдан иіп жасалады. Өйткені тал сынғыш болмайды, құрт түспейді, және жағымсыз иісі шықпайды. Бесіктің жастық, мамық, жөргек, түбек, шүмек, қолбау секілді құрал-жабдықтары болады.

Келесі салт-дәстүрдің түрі ол «сәукеле кигізу». Сәукеле – дәстүр бойынша қазақ қыздарының ұзатыларда киетін төбесі биік, асыл тастармен әшекейленген сәндік баскиімі [1,216]. [Сәукелені қалыңдық келіншек болғанға дейін, яғни бала сүйгенге дейін киіп жүрген, оның арнайы күміспен жасалған төбелдірігі, маңдайшасы, екі жағында тізілген маржаннан салпыншақ бет жақтауы, алдында бетмоншағы және артқұлағы болады, ақ киізден тігіліп өн бойы қымбат күрең немесе шымқай қызыл барқытпен қапталып, жиегіне құндыз, кәмшат терілерінен жұрын ұсталады, оқамен оюланып, түрлі-түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым,алтын, күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады, бұл баскиім қалыңдықтың тек өзіне ғана тиесілі меншігі болып саналғандықтан, ол өлгеннен кейін сәукелесі төркініне қайтарылады.] Соның ішінде сәукелені қалыңдыққа тағу дәстүрі өте маңызды. Себебі, сәукеле әйел киімдерінің ішіндегі ең асылы деп есептеледі. Ол- кішкентай балалық шағынан, үлкен өмірге өтер алдындағы қимас ескерткіші.

Шапан келді – сын келді,

Қызыл тілім қимылда.

Жүруші едім алшақтап,

Такия тіктім моншақтап,

Жеңгелерім жиналып Келдің бе киім құшақтап, - деп қалыңдық аттанар алдында айтатын болған. Бұл салтанат үшін құда-құдағи шақырылып, шашу шашылып, ақ бата арналатын үлкен жиын той. Сәукелені киген келіншек ажарлы да базарлы көрінгендіктен, оны барлығы көруге асығады. Соған байланысты көрімдігі де тиісті, лайық дәрежеде беріледі. XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Саржан төре 500 байталға бағалаған (М.Ж.Көпеев, Шығ.).

Салт дәстүрдің тағы бір түрі «ашамайға мінгізу». Ашамай - алды-арты сүйемелі биіктеу келген, екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған балаға арналған ер [1,79]. Ер баланың ой-өрісін, сана-сезімін оятып, жетілдіру мақсатында жасалынатын дәстүрдің түрі. 6-7 жасқа толған балаға «Сен ер жеттің» деп сенім ұялатып, тай атап, ашамай жасатып, қамшы өріп беріп үйретілген жуас тайға отырғызады. Осындай қуанышты сәтте, ақсақал баласына:

- Асқар-асқар таудан өт,

Ағыны қатты судан өт.

Ит тұмсығы батпайтын,

Іргесі биік нудан өт.

Айдын-шалқар көлден өтіп,
Жеті қылым елден өт.
Құс қанатын талдырған,
Қу мекиен шөлден өт!
Жолсыз жерде жол баста,
Жаугерлік болса қол баста.
Сәйгүлігің сай болсын,

Тілегім осы әу баста Әумин [2, 58], –деп бата берген.

Бұны көріп, сезінген бала әдетте өз-өзіне деген сенімі артып, басқа балалардың алдында мерейі артылып, тез есейе бастайды. Баланы адамгершілікке, жауапкершілікке, еңбекке баулудың әдістемелік жолдың бірі – осы салт-дәстүрден көрініс табатынын көруге болады.

Қазақтың салт-дәстүріндегі қолөнердің көрініс табатын тағы бір түрі – «тымаққа салу». Тымаққа салу — баланың туылуына байланысты, ескі салт-дәстүр [1, 176]. Тымақ — үлкен құлақшыны бар артқы жағына байланатын қазақтың жүннен жасалған бас киімі. Қазақтарда: «шала туылған баланы тымаққа салып өсірді» деген сөз бар. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша, уақытынан бұрын босанған баланы тымаққа салып, мәпелеп өсіретін болған. Шала туылған бала өте кішкентай нәзік болуына байланысты қолға алу мүмкін емес болатын. Сондықтан, оны тымақтан шығармай жүргегін ауыстырып, сүтін тымақ ішінде жатқанда беру ыңғайлы болған. Уақытысынан бұрын туылған баланы аман сақтап қалу үшін және де келешекте жақсы дамуы үшін, өте жақсы күтімді қажет етеді. Күтімнің ең маңызды шарттарының бірі болып, қоршаған ортаның ылғалдылығы мен температурасы болып табылады. Сәбиді 36,5 ауа температурасы мен 70%-тен астам ылғалдылығы бар ортада ұстау қажет. Перзентханаларда осы шарттардың барлығын ұстану үшін, сәбиді арнайы инкубаторға салады. Осылайша, бұрынғы кездерде инкубатор орнына тымақ қолданылған. Тымақ – 100% табиғи материалдардан: тері, қалың жүн мен матадан жасалады. Тымақтың ішінде сәби өзін анасының құрсағында секілді жұмсақ әрі мамық сезінеді. Бала тымақтың ішінде толық екіқабат мерзімінің уақытына жетпейінше қала береді.

Көшпенді қазақтар, негізі домалақ келетін ағаш тор «кереге» қабырғасынан тұратын, киіз үйлерде тұрған. Тымақты керегенің ең үлкен бөлігіне іліп, күн сайын келесі бөлігіне іледі. Мысалы, егер сәби өз уақытысынан 30 күнге ерте туылса, тымақты 30 бөлікке іліп шығады. Уақыты толған уақытта ғана бала туылу мейрамын ұйымдастырған (ат қою, бесікке салу т.б.).

Шын өмірде болған оқиға. 1963 жыл. Бір келіншек егіз баланы жеті айлық кезінде уақытысынан бұрын дүниеге әкеліпті. Дәрігерлер ананың өмірі үшін көп күрескен. Егіз балаларды әжесі үйіне алып кетіп, баласына қабырғаның бір бұрышына 40 шегеден іліуін өтініпті. Екі тымаққа егіздерді салып, күн сайын шегелерге іліп ауыстырып отырған. Келіншек перзентханада ұзақ жатып, үйіне келгенде екі баласының аман-сау екенін көргенде қатты қуанған. КСРО-да шала туылған балалар үшін алғаш жан сақтау бөлімі тек 1975 жылы ашылған.

«Кимешек кигізу» - жас келін перзентті болғаннан кейін ауыл әйелдері мен бәйбішелерінің әдейі жиналып келіп, келінге кимешек кигізу салты. Жас келін бір жылға дейін түскен жерінде «желек» жамылып жүреді. Ойын, той, жиындарға барғанда сәукелесін де киіп барады. (Қазақ салтында сәукелені ұзатылып жатқан кезінде ғана киеді). Кимешек кию - бұл келіннің ана болған кезі. Қазақстанның солтүстік жағында мұны «жаулық салды» деп те атайды. Жас келіншек киетін болғандықтан, бұл бас киімдер әшекейленіп, шашақталып, кестеленіп тігіледі. Кимешек – қазақ әйелдерінің дәстүрлі ұлттық бас киімі болып саналады. Ол ақ матадан тігіліп, жиегі астарланады. Кимешектің иекті айнала, маңдайды жауып тұратын екі жағын «шықшыт» деп атайды. Кимешек жас ерекшелігіне қарай да әсемделеді. Жасы үлкейген әйелдердің кимешегінің ою-кестесі жеңіл, сары, ақ жіппен сырылса, жас әйелдердің кимешегі қызыл, жасылмен әшекейленеді. Кимешектің алдын «жақ» деп атайды. Оны қол кестесімен кестелеп тігеді. Кимешектің «шылауыш» деп

аталатын түрін жас келіншектерден бастап әжелерге дейін киеді. Кимешекті әйел адамның басына сәйкестіре отырып пішіп, тігеді. Кимешектің белден төмен түсіп, шашты жауып тұратын ұзын ұшы «құйрықша» дейді. Кимешек кеуде, иық, жонды жабатындай тұйық, нығыз етіп жасалады. Тек адамның бет-әлпеті ашық тұратын жері ойықтау болып келеді. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп, әшекейленіп жасалады. Жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ал, ойықтың жиегін өңді жіппен шалып тігеді. Мұндай әдісті «алқым шалу» деп атайды. Кимешектің кеудедегі бөлігінің ұшына күміс теңгелер тағылады. Бұл Кимешекке сән бере отырып сонымен қатар, төмен қарай басып, жазылып тұруға әсерін тигізеді. Кимешек әйелдердің шашын шаң-тозаңнан сақтап, қобырап тұрмауына септігін тигізеді. Кимешектің басқаша бұрамалдап жаулық, иекше деген атаулары да кездеседі. Кимешек кестесіне қарай қызыл, сары, ақ жақты кимешектер болып бөлінеді. Ақ жақты кимешекті қарт әжелер, қызыл жақты кимешекті келіншектер, сары жақты кимешекті орта жастағы әйелдер киетін болған. Кимешек кейде күміспен, кейде моншақтармен тігіледі. Бұрынғы кездерде әр тайпа мен рудың кимешектерінің пішімінде, түрінде және сырт көрінісінде өзіне тән ерекшеліктері болған. Дәстүрлі қазақ қоғамында жаңа түскен жас келіннің алғаш кимешегін кигізуге байланысты ғұрыптық рәсім өткізілетін болған. Жаңа түскен жас келінге алғаш кимешегін кигізу әйелдің қонақ асын беруімен бірге өтеді. Оны келіннің енесі ұйымдастырып, ауылдың қарт әжелері шақырылады. Келгендердің бірі жас келінге кимешек кигізіп, енесінен сый алатын болған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. -том / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011.
2. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті / Кенжеахметұлы, Сейіт, - Алматы: Алматыкітап, 2010. - 383 б.